

Әлеуметтік саланы және құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 72 Өкімі.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2007.01.13. N 273 өкімімен.

1. "Әкімшілік реформа жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 сәуірдегі N 46а өкімімен құрылған Әкімшілік реформа жөніндегі жұмыс тобы әлеуметтік саланы (білім беру, денсаулық) және құқық қорғау жүйесін жаңғырту жөніндегі ұсыныстарын үш ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізсін.

2. Аталған жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Әйтимова Бірғаным Сарықызы - Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі,

Дерновой Анатолий Григорьевич - Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі,

Мамин Асқар Ұзақбайұлы - Астана қаласының әкімі;

жұмыс тобының құрамынан Қ.Н.Келімбетов, Ө.Е.Шөкеев шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті